

# **Байқау жұмысының титул парағы**

**Қатысушының аты-жөні:** Жақсылық Алуа

**Жас мөлшері:** 10 жас

**Мекен –жайы:** Ақмола облысы Целиноград ауданы Ақмол ауылы

**Білім беру ұйымы:** №5 Ақмол орта мектебі

**Байқау номинациясы:** Кестелеп тігу

**Бұйымның атауы:** «Бабалар мұрасы»

**Қатысушы жетекшісінің аты-жөні:**

Шаймерденова Жаухар Батановна

**Байқау жұмысының жасалған уақыты:** 08.02.2016 –  
12.03.2016

Халқымыздың қолөнерінің бір саласы – **кесте тігу**.

«Қыз еркем, ісімен көркем» демекші, біз дана халқымыздың өнерін жаңаша үлгіде өз қиялымызды, шығармашылығымызды ісімізбен көрсетіп, оны жалғастыра білсек, нұр үстіне нұр.

Төл өнерге жан бітіріп, жіп артында құпиялы дүниені ашып, қуаныш, шаттық сыйлайтын, дәстүрлі дүниені жаңартып, жаңғыртып жүрген аға-әпкелерімнің еңбектерін басшылыққа аламын.

Кестелеп тігу номинациясы бойынша ұсынып отырған шағын ғана **«Бабалар мұрасы»** атты еңбегім соның айғағы.

Кестелі бір картина – тұтас тарих. Бұл жұмысымда халық дүниетанымы, оның өзін қоршаған орта мен сұлулық туралы түсінік бейнеленген. Жұмыс үшін кенеп, кесте тігуге арналған түрлі-түсті жіптер, жуантық инені, бедерлеп гобелен тігуге арналған инені пайдаландым. Қолмен тігуде шым кесте түрі қолданылды. Сонымен қатар баспа тігіс, бұдыр тігіс, біз тігіс, сабақ тігіс түрлерін қолдандым.









